




АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

2024



Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
Ақтөбе қаласы, И.Тургенев көшесі, 86 (3 қабат)
Байланыс телефоны:
8-7132-548624
e-mail: baspa@aktedu.kz

Аетова Л.Т.,

КЕЛ, ОЙНАЙЫҚ БАЛАҚАЙ

Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы бөлімінің әдістемелік кеңесінде қарастырылып, баспаға ұсынылды

Құрастырған: Аетова Л.Т., Ақтөбе қаласы, №32 «Қуаныш» балабақшасының музыка жетекшісі

Пікір берушілер:

М.Т. Мурзагулова, Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының бөлім әдіскері

А.А.Искендірова, Ақтөбе облыстық орталығының әдіскері, п.ғ.магистрі

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйым музыка жетекшілері мен тәрбиешілеріне арналған. «Кел, ойнайық балақай» әдістемелік жинағы мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық дамуына бағытталған музыкалық дидактикалық ойындар, музыкалық қимылды ойындар, театрландырылған ойындар, ұлттық ойындармен жинақталған. Осы әдістемелік нұсқаулықтың көмегімен музыка жетекшілері мен тәрбиешілер балалар мен ата-аналардың қатысуымен қызықты қойылым дайындап, қызықты тінімді ойын түрлерін жүргізе алады.

АЛҒЫ СӨЗ

«Кел, ойнайық балақай» әдістемелік нұсқаулығында әр түрлі жастағы балаларға арналған түрлі ойындардың бірнеше нұсқаулары мен ойындар жинағы ұсынылған.

Әуенді-дидактикалық ойындар-балалардың музыканы түсініп, қабылдауына көмекші құрал болып табылады. Балаларға ойын түрлері арқылы музыканы сүйюін, түсініп тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру-әуенді дидактикалық ойындардың негізгі міндеттері. Ойын балалардың бойындағы тапқырлық, жауапкершілік, ұйымшылдық сияқты қасиеттерін шыңдап, қалыптастырады. Себебі мереке кезінде бірде-бір бала назардан тыс қалмағаны және кішкентай болса да, әркімнің өз қалауы болуы өте маңызды.

Ойындар жинағы баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық әулетін, қабілеттілігі мен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған. Бұл әзірлемелер музыка жетекшілері мен балабақша тәрбиешілеріне арналған және мерекені ұмытылмас эмоционалды етуге, әр баланың жүрегінде жарқын із қалдыра алады.

Ұсынылған әдістемелік құралда балаларды қызықтыратын әртүрлі және белсенді ететін көптеген ойын материалдары бар. Ойын түрлерін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып мұқият ойластырған жөн.

Балабақшада мереке ұйымдастыру - жауапты және көп уақытты талап ететін мәселе. Балалардың музыка туралы түсінігін кеңейту үшін музыкалық ойын түрлерінің атқаратын рөлі ерекше. Сондықтан бұл әзірлемеді ойындар жинағының барлық түрлері қамтылған.

Қарапайым ойындардың өзі баланың танымын, түсінігін жетілдіреді, көңілін өсіріп, ойын сергітеді. Эстетикалық және моральдық бейнелер бейнелі-ойнау түрінде қалыптасады, сондықтан әр баланың қолын сынап, өзінің таланттарын көрсеткісі келетіндігіне ұмтылу керек. Мектеп жасына дейінгі балалар әлі де сахналық әрекетті объективті түрде қабылдай алмайды, олар оның тікелей қатысушылары.

Музыкалық ойын - музыка жетекшілерінің құралы, оның көмегімен балалар негізгі музыкалық ұғымдар мен әрекеттерді игереді. Сондай-ақ, музыкалық ойынның көмегімен мұғалім эмоционалды кедергілерді жоюға болады. Мерекелер бүкіл ұжымды, балалар мен ата-аналарды бірлескен шығармашылықта біріктіруге көмектеседі.


Бұл жинақтың мақсаты: балаларға сыйлаған әрбір мереке, сабақтар, серуендер ұмытылмас болуына көмектесу, баланың эмоционалды сферасын дамытуға, оның жүрегінде жарқын із қалдыруға бағытталған.

Балалардың көздері қуанышқа бөленуі үшін балаларға ұмытылмас мерекелер беріңіз.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

КЕЛ, ОЙНАЙЫҚ БАЛАҚАЙ





**Ақтөбе қаласындағы
№32 «Қуаныш» балабақшасының
музыкалық жетекшісі Аетова Лидия Тағанасовнаның
«Кел, ойнайық балақай» атты әдістемелік құралына**

Пікір

«Кел, ойнайық балақай» әдістемелік құралы мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық дамуына бағытталған музыкалық дидактикалық ойындар, музыкалық қимылды ойындар, театрландырылған ойындар, ұлттық ойындарымен жинақталған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық дамуына бағытталған музыкалық дидактикалық ойындар, балалардың ойын арқылы музыкалық мәдениетін дамытуға сонымен мектепке дейінгі баланы танудың негізгі қызметі және тәсілі ретінде қарастырылады. Ойындар балалар үшін қол жетімді, тартымды, педагогикалық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес таңдалды, сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктері ескерілген.

Әдістемелік құрал мерекелік ертеңгіліктер мен ойын-сауықтар және ұйымдастырылған оқу қызметін дайындауда музыкалық жетекшілер мен тәрбиешілер үшін жақсы көмекші құрал бола алады. Бұнда әр түрлі жастағы балаларға арналған түлі ойындардың бірнеше нұсқалары мен ойындар жинағы жақсы әдеби материалдарға негізделіп жинақталған.


Театрландырылған ойындар - кез келген өмірлік мән жайда өз құбылыстарымен және үлкендермен қарым-қатынас жасай білуге, кез келген жұмысқа шығармашылық қабілетпен қарауға, эстетикалық сезіммен ойнау арқылы мінез құлқын дамытады.

Ұсынылып отырған «Кел, ойнайық балақай» әдістемелік құралы музыка жетекшілерінің оқу қызметін түрлендіріп, мазмұнын байыта, көркемдей түседі. Бұл ойындар балалардың бойындағы музыкаға деген қызығушылығы мен құмарлығын оятады, балалық қиялдарын қозғап, түсініктерін кеңейте түседі. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды әдемілікке, музыкалық үндестікке баулиды.

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылығын ұйымдастыра отырып, болашақ кішкентай бүлдіршіндерді тілге шешен, өзін де, өзгені де сыйлай білетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелейді.

**Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының әдіскері**

М.Т. Мурзагулова



Ақтөбе қаласындағы №32 «Қуаныш» балабақшасының музыкалық жетекшісі Аетова Лидия Таганасовнаның «Кел, ойнайық балақай» атты әдістемелік құралына

Пікір

«Кел, ойнайық балақай» әдістемелік жинағы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған музыкалық ойындарды ұсынады. Бұл әдістемелік жинақта түрлі сахналық материалдар, музыкалық ырғақты ойындар ұсынылған.

Балабақшада сәбилік шағынан тәрбиелеп келе жатқан балаларды музыканы тыңдау, оны түсіну, есте сақтау ажырата білу, ән салу, қабілеттері бірте-бірте қалыптасады.

Балабақшада музыкалық тәрбие берудегі мақсат пен міндеттер қатар жүреді. Мектепке дейінгі жас ұрпақтың өміріндегі өте жауапкершілікті кезеңдердің бірі, яғни осы жас шамалық кезінде балалың ден саулығының негізі, ақыл ой, психофизикалық дамуы қаланып, оның жеке тұлға болып қалыптасуына себептігін тигізеді.

Дәлірек айтар болсақ бала өсіп дамиды сонымен қатар айналада болып жатқан қызықты мерекелер мен кештерді, әрбір ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде баланы көңіл күйі көтеріліп, сана сезімі, жан-жақты дамиды.

Әр түрлі жастағы балаларға арналған музыкалық ойындардың бірнеше нұсқалары бар. Ойын жинақтары балалардың барлық жас ерекшеліктеріне арналған.

Бұл әзірлемелер музыкалық жетекшілер мен балабақша тәрбиешілеріне арналған және мерекені ұмытылмас эмоционалды етуге, әр баланың жүрегінде жарқын із қалдыруға арналған ойындар жинағы.

Ұсынылған жинақта әртүрлі ойын қабілеттері бар балаларды қызықтыратын және белсенді ететін көптеген қызықты материалдары бар. Көптеген мәтіндер поэтикалық түрде жазылған, бұл есте сақтауды жеңілдетеді. Бұл жинақтың маңызды артықшылығы - мұғалімдер өздері қалаған музыкалық ырғақты ойындарды оңай алмастыра алады.

«Кел, ойнайық балақай» әдістемелік құралы балаларыңызға және олардың ата-аналарына жарқын және ұмытылмас мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге көмектеседі. Осы әдістемелік нұсқаулықтың көмегімен музыкалық жетекшілер мен тәрбиешілер балалар мен ата-аналардың қатысуымен қызықты жарыстар, кештер дайындап, жүргізе алады.

Ақтөбе облыстық орталығының
әдіскері, п.ғ.магистрі

А.А.Искендрова